

ТІЛ БІЛІМІНЕ КІРІСПЕ

Тіл және қоғам. 4-бөлім

5-тарау. Тіл және қоғам





АҚШ өңірлік диалектілерінің көпшілігінде белгілі бір стереотип болмайды. Р дыбысын аз қолданатын нью-йорктік диалекті сияқты кейбір өңірлік диалектілерді ажуаның құрбандары деуге болады. Мысалы, белгілі бір диалектіде сөйлейтін адам оңтүстіктегілердің «созылып» сөйлеуін, техастықтардың «көмеймен» сөйлейтінін күлкіге айналдыруы мүмкін. Алайда оңтүстіктегілердің барлығы созып, техастықтардың бәрі көмеймен сөйлемейді.

Қасақана мән бермеушіліктің құрбаны болған солтүстік америкалық ағылшын тілінің әлеуметтік диалектісі туралы айтпай кетпесе болмас. Афро-америкалық ағылшын (African American English) (AAE) тілін Америкадағы африкалықтардың көбі қолданады. Бұл ағылшын тілінің басты ерекшелігі – әлеуметтік, білім беру және экономикалық себептерге байланысты. Африкалық америкалықтарға қарсы жүргізілген тарихи кемсітушілік диалектілердің дамуына мүмкіндік беретін әлеуметтік шегаралардың пайда болуына алып келді. Осыған байланысты біраз жыл бұрын көптеген қара нәсілділер өздерінің диалектілерін топты позитивті сипаттау тәсілі ретінде қабылдай бастады. ААЕ күнделікті, бейресми жағдайлармен қатар, жұмысшы тап өкілдерінің арасында көптеп қолданылады. Орта немесе жоғары таптан шыққан, жоғары білімді қара нәсілділер қазіргі кезде СААТ-де сөйлейді. Мысал ретінде АҚШ-тың бұрынғы президенті Барак Обама мен оның жұбайы Мишель Обаманы айтуға болады.

1960 жылы адам құқығын қорғау қозғалысы басталғаннан бері ААЕ – назардан түспеген мәселе. Кейбір сыншылар ААЕ-нің қолданылуын ең төменгі генетикалық интеллект пен мәдени депривациямен теңестіреді, осылайша қате түсініктің пайда болуын оның «жеткіліксіз, логикаға сыймайтын және толық еместігімен» байланысты деп түсіндіруге тырысады. Мұндай эпитетті ешбір тілге қатысты қолдануға болмайды, өйткені, олар ААЕ-ге де, орыс, қытай немесе стандарт америкалық ағылшын тіліне де ғылыми тұрғыдан негіз бола алмайды. Мәдени депривация жайлы миф те, кейбір диалектілер мен тілдер басқаларынан төмен деген идея да жалған. Белгілі бір адам өзінің кейбір мәдени құндылықтарын жоғалтқанымен, басқаларын игеруі әбден мүмкін.

Кейбір қара және ақ нәсілді адамдар түрлі ұлт өкілдері түрліше сөйлейтіндіктен, адамның нәсілін олардың сөйлеуіне қарап анықтауға болады деп ойлайды. Бұл да жалған пікір. Британияда туып-өскен бала британдық үй диалектісімен сөйлейтін болады. ААЕ диалектісінің ортасында өскен ақ нәсілді бала дәл солай сөйлейді. Балалардың тілі өздері естіп өскен тілде шығады.

Бұл дәрісте ААЕ-нің басқа диалектілерге қарағанда кеңінен талқылануы – оның негізгі тілдің белгілі бір диалектісінің морфологиялық және синтаксистік заңдылықтары жайлы нақты мағлұмат беруі мен сол тілдің стандарт диалектісінен түбегейлі түрде өзгеше болуымен байланысты. Жүргізілген көптеген зерттеуге сүйене отырып, біз ААЕ мен СААТ арасында әлемнің негізгі диалектілеріндегідей лингвистикалық айырмашылықтар бар екенін байқаймыз. ААЕ жалғыз, біртұтас диалект емес, керісінше, бір-бірімен тығыз байланысқан диалектілердің жиынтығы болғандықтан, бұл дәрісте айтылғандардың бәрінің оны қолданушыларға қатысы жоқ.

Британдық және америкалық кейбір диалектілер сияқты ААЕ диалектісін қолданушы кейбір адамдар дауысты дыбыстың алдына келген жағдайдан басқа кездердің барлығында р дыбысын сөзде қолданбайды. Бұл фонологиялық ережеге сәйкес ААЕ диалектіндегі спикерлер үшін guard (күзетші) және god (құдай), nor (жоқ) және gnaw (кеміру), sore (ауру) және saw (ара), poor (кедей) және Pore (По), fort (форт) және fought (соғысты), court (сот) және caught (ұстады) сияқты сөздердің айтылуы бірдей.

Бұл диалектіде сөйлейтін кейбір адамдар сөзден І дыбысын алып тастайтындықтан, олар үшін toll (салық) – toe (башпай), all (барлығы) – awe (қастерлеу), help (көмек) – her (хабардар) сияқты сөздердің айтылуында еш айырмашылық жоқ, қатар келген бірнеше дауыссызды қысқарту ережесі, әсіресе сөздің соңындағы бірнеше дауыссыз қатар келгенде және екі дауыссыздың бірі альвеола дыбысы (/t/, /d/, /s/, /z/) болған жағдайда олардың айтылуын жеңілдетпек.

Бұл ереженің қолданылуы кезінде өткен шақ морфемасы қысқарып қалатындықтан, meant (белгілі бір мағынаны білдірді), mend (жөндеу) сөздері мен деп, past (өткен), passed (pass+ed) (тапсырды) сөздері pass деп оқылады. Бұл диалектіде спикерлер I pass the test yesterday десе, олардың етістіктің өткен және осы шақ формаларына көңіл бөлмей, өз грамматикалық



ережелеріне сәйкес сөйлеп тұрғанының белгісі. Алып тастау ережесі міндетті емес. Ол үнемі қолданыла бермейді.

Зерттеулерге сүйенсек, бұл ереже сөздің соңындағы [t] және [d] дыбыстары өткен шақ жалғауы қызметін атқармаған кезде болады. Мысалы, *paste* [pest] сияқты зат есімдер *chased* [tʃest] сияқты етістіктермен қатар келгенде сөз соңындағы [t] түсіп қалмайды. Мұндай жағдайды сөз соңында келген [s], [z] дыбыстарына да қатысты байқауға болады. Мысалы, ААЕ диалектісі бойынша соңғы /s/ жалғау көптік ұғымды білдіретін *seats* (орындар) /seat+s/ сияқты сөздерде /s/ жалғауы түспей, сақталып қалса, *Keats* /kits/ сөзінде бұл жалғау сөздің айтылуы кезінде түсіп қалады да, тек [kit] ретінде оқылады. Диалектілер арасында синтаксистік айырмашылықтар да болады. Мұндай айырмашылықтар көбінде ААЕ диалектісінің көңілге қонымсыз екенін көрсету мақсатында қолданылғанымен, бұл мысалдар СААТ сияқты синтаксистік тұрғыдан күрделі және логикаға сай екенін көрсетеді. Қос болымсыз қатар қолданылатын құрылымдар ААЕ-де көптеп кездеседі. *He doesn't know nothing* сөйлемі француз, итальян, Чосер кезіндегі ағылшын тілі сияқты әлемнің көптеген тілінде кездеседі. ААЕ қос болымсыздары синтаксис ережелеріне бағынады және логикаға қонымды. Стандарт ағылшын тілінде етістіктердің көп жағдайда қысқартылған түрі қолданылса, афро-америкалық ағылшында олар түсіп қалады. Яғни мысалдардағы сөйлемдерден байқап отырғандарыңыздай, СААТ-те қысқартуға болатын етістіктер ААЕ-де түсіп қалады.

СААТ ААЕ Қазақша

He is nice/He's nice He nice Ол жақсы.

They are mine/They're mine They mine Олар менікі.

She is going to do it/ She gonna do it Ол мұны жасайын.

She's gonna do it Ол осыны істейін деп жатыр.

He is/he's as nice as he He as nice as he says he is say he is

Ол өзі айтқандай жақсымын дейді.

**He's as nice as he *He as nice as he* Ол өзін жақсымын
says he's say he дейді.

How beautiful you are How beautiful you are Сіз қандай әдемісіз.

**How beautiful you're *How beautiful you* Сіз қандай әдемісіз.

Here I am Here I am Мен келдім.

**Here I'm *Here I* Мен келдім.

Бұл мысалдардан екі диалектіде де синтаксистік қысқартудың болатынын және олардың арасында айтарлықтай айырмашылықтың жоқ екенін байқаймыз. Әдеттегі және әдеттегі емес іс-әрекетті білдіру ерекшелігі СААТ-ке де тән болғанымен, олар мұндай кезде *be* етістігін қолданбайды. СААТ-те *walk* (серуендеу, жаяу жүру) сияқты қимылды білдіретін етістіктерге осы шақтың – *s* жалғауы жалғанған кезде ол қазіргі әрекетті емес, күнделікті қайталанып тұратын әрекетті білдіреді: *Susan walks to school* (Сьюзан мектепке жаяу барады) сөйлемі күнделікті іс-әрекетті білдіреді. Алайда *Susan is walking to school* (Сьюзан мектепке жаяу бара жатыр) деген мағынаны білдіру үшін *Susan walks to school* деу грамматикалық тұрғыдан қате болмақ. Бірақ жай-күйді білдіретін *love* сияқты етістіктер (*John loves Mary*) дәл қазір болып жатқан жағдайды білдірумен қатар, осы мағынаны білдіру үшін *John is loving Mary* деп айту грамматикалық ережеге қайшы келеді. Жергілікті испандықтар мен олардың үрім-бұтағының көбі америкалық ағылшын тілінің негізгі диалектісінде сөйлейді.

Бір ғасырдан астам уақыт бойы Оңтүстік, Орталық Американың, Мексиканың, Кариб аралдарының испан тілді елдерінен келген келімсектер Америка Құрама Штаттарын өздерінің тілімен, мәдениетімен толықтыра түсті. Олардың арасында ағылшын тілін екінші тіл ретінде үйренген немесе үйреніп жатқан испан тілділер де бар. Сондай-ақ испан тілінде сөйлейтін отбасында дүниеге келгенімен, ағылшын тілі ана тілі болып табылатын адамдар да жоқ емес. Олардың кейбірі бір тілде – тек ағылшын тілінде ғана сөйлесе, кейбірі испан тілін екінші тіл ретінде қолданады.

Адамның бір ғана латындық диалектіде сөйлеуі мүмкін емес. Осылайша, олардың кейбірі бір тілде, кейбірі екі тілде сөйлеумен қатар пуэрториколық, кубалық, гватемалалық және эльсальвадорлық келімсектер мен олардың балаларының сөйлеуі чиканолық ағылшын (ЧА)



(Chicano English/ChE) деп аталатын оңтүстік-батыс пен калифорниялық, мексикалық, америкалықтардың көбі сөйлейтін тілден мүлдем өзгеше.

ЧА біртектес болмаса да, біз оны ағылшынның басқа диалектілерінен жүйелі түрде ерекшеленетін жеке америкалық ағылшын диалектісі ретінде қабылдаймыз. Чикано ағылшынын (ЧА) миллиондап болмаса да, жүздеген мың америкалық бала өздерінің ана тілі ретінде үйренеді. Бұл афро-америкалық ағылшын сияқты испандық акцентпен айтылатын ағылшын тілі емес, керісінше СААТ-тен түбегейлі айырмашылығы болғанымен, басқалар түсіне алатын диалект деп есептеледі. Айырмашылықтар негізінен спикердің әлеуметтік жағдайына байланысты болуымен қатар, мұндай лингвистикалық айырмашылықтарды әлеуметтік лингвистикалық ерекшеліктер деп атайды. Мысалы, қос болымсыз етістік сияқты стандарт емес формаларды қолдану әлеуметтік нышанның бір бөлігі ретінде сол этникалық топтың белгісі. ЧА тілін (ААЕ диалектісін де) қолданатын көптеген адам қос диалектіде сөйлей береді. Жағдаятқа қарай олар ЧА (немесе ААЕ) немесе СААТ екеуінің бірін таңдай алады.

ЧА мен СААТ арасындағы фонологиялық айырмашылықтар испан тілінің ЧА тигізген әсерін анықтап бермек. Айталық, ағылшын тілінде /i, ɪ, e, ε, æ, u, ʊ, o, ə, a, ʌ/ деген он бір дауысты дыбыс бар (дифтонгтарды есептемегенде) болса, испан тілінде тек бес дауысты дыбыс қана бар. Олар: /i, e, u, o, a/. Ана тілі испан тілі болғанымен, чикано ағылшын тілінде сөйлейтіндер ағылшын дауыстыларын испан дауыстыларымен алмастырып қолданады. Осыдан келіп СААТ-тің бірнеше омонимі ұқсас оқылады. Мысалы, ship (кеме) сөзі sheep (қой) ретінде оқылса, rid (босату, құтылу) сөзін read (оқу) деп оқиды.

Ана тілі ағылшын тілі болып табылатын чикано тілінде сөйлеушілер америкалық ағылшын дауыстылары жайлы жақсы білсе де, чикано диалектісін таңдай алады. Келесі бір ерекшелік дауыссыздарға қатысты.

Аффрикаттық /tʃ/ мен фрикативтік (ызың) /ʃ/ бірін-бірі алмастыра алады. Сондықтан shook (шайқады) сөзі ch (ч) дыбысымен, check (тексеру) сөзі sh (ш) дыбысымен айтыла береді. Сондай-ақ кейбір дауыссыздар, мысалы /z/ дыбысы қатаң [s] дыбысына айналып, нәтижесінде easy сөзі [isi], guys сөзі [gais] болып оқылады. Тағы бір айта кетерлік ерекшелік, /t/ дыбысы /θ/ болып, /d/ дыбысы /ð/ болып айтылады. Мысалы, thin сөзін tin немесе teen деп оқыса, they сөзін day деп оқуға болады.

ЧА тілінде сөздің соңында екі дауыссыз қатар келген жағдайда соңғы дауыссыз түсіп қалады. Осыған байланысты, war және ward сөздерінің екеуі де war деп, star және start сөздері star деп оқылады. Бұл құбылыстың өткен шақ жалғаулары (poked poke) мен үшінші жақ, жекеше түр жалғауларына да (he loves her he love her) қатысы бар.

Сөздің соңындағы қатар келген апикальді дауыссыздардың қысқару тәсілі СААТ-тен бастап ағылшын тілінің барлық диалектілерінің арасында кеңінен таралған: fast fass. Бұл құбылыс бұрынғы кезде ЧА мен ААЕ диалектілеріне ғана қатысты болғанымен, бүгінде оны белгілі бір диалектіге ғана қатысты дей алмаймыз.

Дауысты дыбыстың созылуы, дауыс ырғағы сияқты ЧА тілінің екпінге қатысты мәселелері – СААТ-тен ЧА тілін айырып көрсететін негізгі ерекшелік. Сөздің /s/ дыбысы қосарланып келмейтін испан тілінің жүйелі байланыс ережесін білетін, ағылшын тілін ес білгеннен кейін үйренетін ЧА тілінің спикерлері scare сөзін escare, school сөзін eschool деп оқиды. ЧА мен СААТ арасында синтаксистік айырмашылықтар да жоқ емес. Испан тілінде сөйлемде бірден көп болымсыз етістік немесе есімдіктер қолданыла береді. Олай болса, бірнеше болымсыздың қатар келуі ЧА синтаксисі үшін әдеттегі жағдай:

СААТ ЧА Қазақша

I don't have any money I dont have no money Менде ешқандай ақша жоқ.

I don't want anything I no want nothin Маған ештеңе керек емес.

Сондай-ақ лексикалық айырмашылықтар да болып жатады. Мысалы, басқа да болмашы айырмашылықтармен қатар СААТ lend (уақытша бере тұру) сөзінің орнына ЧА borrow (қарыздау), СААТ just (енді ғана) сөзінің орнына ЧА barely (мардымсыз) сөздерінің де қолданылатынын айта кеткен жөн.



Диалектілерді сол диалектіде сөйлейтін топтар арқылы анықтаумен қатар, географиялық өңіріне қарай да топтастырамыз. Олай болса, өңірлік диалектілер – өзіміз диалект деп атайтын ұғымның айқын да жалпылама түрі.

Әлеуметтік топтардың әртүрлі болып келуіне байланысты әлеуметтік диалектілер де нақты емес, тіпті, бертінге дейін жақсы зерттелмеді десе де болады. Таңғаларлығы, адамзаттың әйелдер және ерлер деп бөлінуі өңірлік және әлеуметтік бөліну сияқты айрықша диалектілік ерекшелікке ие бола қойған жоқ. Әйелдер мен тіл туралы ертеректе жазылған еңбектерде ерлерден гөрі әйелдердің тілінде көбірек кездесетін бірқатар ерекшелік айтылған. Айталық әйелдер I suppose, I would imagine, This is probably wrong, sort of, but... және басқа да сөйлемдерді ерлерге қарағанда жұмсартып айтады.

Әйелдер сөйлемдеріне реңк беру үшін ілмекті сұрақ (He's not a very good actor, is he?), сыпайылық (мыс.: please, thank you), really, so сияқты күшейтпелі сын есімдерді көптеп қолданады. Бұл әйелдердің өзіне деген сенімсіздікпен байланысты деген пікірлер бар.

Ертеде жазылған еңбектерден бастап, ғалымдардың көбі тіл, гендер, сексизм жайында ой толғап, әйелдер мен ерлер тілін зерттеумен қатар, оның негізгі себептерін де анықтауға тырысты. Тілдегі гендерлік айырмашылықты зерттейтін әлеуметтік лингвистердің көбі әйелдердің сөйлемді жұмсақтап айтуы олардың өзіне деген сенімсіздігіне байланысты емес, керісінше, бұл олардың тыңдаушыларына деген достық көңілді, тілектестікті, олардың ойымен келісіп, құндылықтарын бөлісетінін білдіреді дейді.

Әйелдер мен ерлер әңгімелескен кезде әйелдер көп сөйлейді әрі ерлерге қарағанда сөзді көп бөледі деген пікір кеңінен тарап кеткен. Бұл телевизиялық комедиялық шоулар және әртүрлі мәдениеттегі анекдоттар мен мақалдар үшін таптырмас тақырыпқа айналды. Мысалы: «Where there are women there is talk, and where there are geese there is cackling» (Әйелдер жүрген жер әңгімеге, қаз жүрген жер қаңқылдауға толы болады) немесе байырғы америкалықтардың «A squaw's tongue runs faster than the wind's legs» (Үндіс әйелінің тілі желден жүйрік) мақалы. Алайда ерлер мен әйелдердің әңгімесіне жасалған терең зерттеулер белгілі бір жағдайларда, айталық телевизиялық сұхбаттар, іскерлік кездесулер, конференция кезіндегі талқылаулар сияқты статусқа әсер ететін жағдайларда ерлердің басымдық танытатыны анықталған. Осындай аралас әңгіме барысында ерлердің басымдыққа ие болу қасиеті жас кезінен дамиды. Оны сабақ барысында оқытушымен болған талқылауға ер балалардың көптеп қатысуынан байқауға болады. Бір зерттеуде ер балалардың қыздарға қарағанда сегіз есе көп жауап беретіні айтылады. Оқытушылардың да қыздар жауап берген кезде оларға көбірек ескерту жасап, ер балалардың басымдыққа ие болуына мүдделі болатыны байқалады. Сондай-ақ әйелдердің сөйлеуі стандарт тілге жақынырақ екенін де айта кету керек.

Мысалы, олардың I was walkin' down the street when I saw 'im сөйлеміндегідей – ing жалғауын – in', him есімдігін 'im ретінде қысқартып айтуы да сирек кездеседі. Британдық ағылшын тілінің кейбір диалектілері әдетте сөздің басындағы [h] дыбысын алып тастап 'arf an hour (half an hour), 'enry (Henry), 'arpy (happy) ретінде дыбыстайды. H дыбысын осылайша сөзде аз айту әйелдерден гөрі ерлерде көптеп кездеседі.

Ерлерге қарағанда әйелдердің «дұрыс» сөйлеуге талпынатынын көптеген зерттеу дәлелдеген, сонымен қатар, бұл процесс бала кезден-ақ дамидыны байқалады. Олар алты жас-тан бастап осы үлгіні қолданады; шығу ортасы бірдей болса да, қыздар ұлдардай емес, бұл формаға көп сүйене бермейді. Әлеуметтік лингвистердің арасында әйелдердің ағылшынша «дұрыс» сөйлеуі олардың қоғамдағы сексизмге байланысты өздерін қауіпсіз сезіне алмауынан деген пікір кеңінен қалыптасқан.

Осындай пікірлердің арасында ең ерекше көзге түсетіндері: әйелдердің стандарт тілді қолданатын себебі – олар өздері үшін қолжетімді бола бермейтін жоғары дәрежелі қызметке қол жеткізгісі келеді; қоғам ерлерден гөрі әйелдердің өздерін қалыпты ұстауын көбірек талап етеді; біреудің қол астында қызмет ететіндер (көп жағдайда әйелдер) сыпайы болуы керек; ерлердің сөздерді қысқартып айту себебі – бұл олардың қатаң да қатал екенін көрсетеді және т.б. Алайда көптеген әлеуметтік лингвистердің жүргізген тәжірибелеріне орта таптың білімді әйел профессорлары қатысатындықтан, олар тәжірибе жүргізушінің ығына жығылып, оның естігісі келген жауабын беруі немесе ресми түрде жауап беруі әбден мүмкін. Ал ерлер тәжірибе кезіндегі мұндай қысымдарға әйелдердей тез икемделе алмайды.



Әйел мен ер адамдар қолданатын ағылшынның әртүрлі нұсқасы гендерлект деп аталады. Осылайша, әйелдер мен ерлер тілінің түрліше болып келуі барлық тілде болмаса да, көптеген тілде кездеседі. Жапон әйелдері ерлер мен әйелдер қатар сөйлей беретін стандарт диалектіні білсе де, нақты әйелдер диалектісін таңдауы мүмкін. Жапон тілінде көптеген сыпайылықты білдіретін сөз бар. Олар өздерінің әдеттегі мағынасымен қатар сыпайылықты, сыйластықты, қарапайымдықты және қоғамдағы орны ерлерден төмен екенін білдіреді. Жапон тілінде ресми және бейресми флексиялар бар болса, әйелдер оның ресми формасын көптеп қолданады. Сондай-ақ жапон тілінде ерлер мен әйелдердің өз сөздері болады. Мысалы:

Ағылшынша Әйелдер/Ерлер Қазақша аудармасы
Stomach/ onaka hara іш/қарын
Delicious/ oishii umai дәмді
I/me/ watashi boku мен

Сөз тіркестері:

Ағылшынша Әйелдер/Ерлер Қазақша аудармасы
eat a meal/ gohan-o taberu meshi-o kuu /тамақ ішу
be hungry/ onaka-ga suita hara-ga hetta /қарны ашу
'stomach 'stomach
become empty' decrease'

Жапон тіліндегі гендерлектілердің әртүрлі болуының әсері иттерді үйреткен кезде нақты байқалады. Иттің болашақ иесінің жынысы белгісіз болғандықтан, оларды ағылшын тілінде жаттықтырады, себебі, иттерді екі тілде үйрететін жаттықтырушымен салыстырғанда мүгедек адамдарға ағылшын тілін қолдану жеңілдірек. Бұл ерекшеліктер грамматикалық ережелерден гөрі тілдің қолданысымен яғни, лексикалық әдістер мен сөйлеу стиліне байланысты. Алайда ерлер мен әйелдердің тілдеріндегі грамматикада өзгеше болатын жағдайлар жоқ емес.

Луизианада қолданылатын мускогтардың коасати тілінде ерлердің сөзінде /s/ дыбысымен аяқталатын сөздер әйелдерде /l/ немесе /n/ дыбысымен аяқталады. Мысалы: 'lift it' (мынаны көтер) әйелдер үшін lakawhol болса, ерлер үшін lakawhos. Сол сияқты бенгал әйелі сөздің басында негізінен /l/ дыбысын қолданса, ерлері /n/ дыбысын қолданады.

Яна тілінде ерлердің қолданатын жалғауларына байланысты әйелдердің сөздері ерлерге қарағанда қысқарақ. Мысалы, 'deer' (бұғы) сөзі әйелдер үшін ba, ерлер үшін ba-na болса, 'person' (адам) сөзі әйелдер үшін yaa, ерлер үшін yaa-na.

Ертеде жүргізілген зерттеулерде кариб үндістерінің әйелдері мен ерлерінің түрлі диалектілерде сөйлейтіні айтылады. Біздің ойымызша, оның тарихи себебі ерте кезде кариб тілінде сөйлейтін ер адамдар аравак тілінде сөйлейтін адамдар мекендейтін өңірді жаулап алып, барлық ер адамдарды қырып тастайды. Тірі қалған әйелдер олардың жаңа күйеулерінің кариб тілінде сөйлегеніне қарамастан, аравак тілінде сөйлеуін жалғастыра берген.

Боливиялық чиквитано тілінде ерлер тілінің грамматикасында зат есімді жыныстық тегіне қарай жіктеу ережесі бар. Онда ерлер мен тылсым күштер атаулары бір бөлек, әйелдерді білдіретін зат есімдер бір бөлек жіктеледі.

Тай тілінде сөйлем ерлер үшін сыпайылықты білдіретін khrar жұрнағымен, әйелдер үшін kha жұрнағымен аяқталады (екпін болмайды). Сондай-ақ тай тілінде гендерлік тілдерге ерекше реңк беретін please, thank you сияқты түрлі есімдіктер мен тұрақты тіркестер бар. Әйелдер тілінің тағы бір айқын фонетикалық қасиеті ретінде қысқа дауыс аппараты әсерінен пайда болатын салыстырмалы түрде жоғары екпінді айтуға болады. Дегенмен зерттеулерге сүйенсек, ерлер мен әйелдердің дауыс ырғағындағы айырмашылық физиологиялық құбылыс қана емес, ол тілді үйрене бастаған кезде болатын әлеуметтік факторларға да байланысты болуы мүмкін.

Англияның бұрынғы премьер-министрі Маргарет Тэтчер – саяси себептерге байланысты дауыс ырғағын өзгерте алатын әйелдердің нақты мысалы. Тэтчердің әдеттегі дауысы өте жоғары және сәл шыңғырып шығатын. Сондықтан кеңесшілері Тэтчердің сөзі өктем, ерлердікіндей естілуі үшін оған ақырын, асықпай сөйлеуге кеңес береді. Тэтчердің осы жасанды сөйлеу стилі оның көпшілік алдында сөйлейтін сөзінің мызғымас сипатына айналды.



Көптеген әлеуметтік-экономикалық топ өкілдерінің тілі өңір мен ұлты негізгі фактор болмаған жағдайдың өзінде де бір-бірінен ерекшеленіп тұрады. Мұндай әлеуметтік топтар диалектілерінің басқалардан басты айырмашылығы – олардың диалектілеріндегі әлеуметтік-лингвистикалық нұсқалар негізінен статистикалық сипатта. Өңірлік және әлеуметтік диалектілер арасында айырмашылықтардың болуы да, болмауы да мүмкін. Айталық, кейбір өңірлік диалектілерде *frying pan* деп айтылатын сөзді келесі бір өңірлік топ *skillet* деп атайды.

ААЕ диалектінде спикерлер *'she is pretty'* дегеннің орнына *she pretty* дегенді кез келген кезде қолдана береді. Алайда әлеуметтік топтардың сапалық тұрғыдан да ерекшеленетін кездері болады. Мысалы, белгілі бір топ өкілдері басқа топ өкілдерінен ерекшеленуі үшін олардың белгілі бір уақыттың 40%-ында қолданатын ережесін сол уақыттың 80%-ында қолдануы мүмкін.

Лингвист Уильям Лабов Нью-Йорк қаласында ертеректе сөз болған *r* дыбысының түсіп қалуы мен оны жоғарғы, ортаңғы және төменгі тап өкілдерінің қолдануына байланысты әлеуметтік-лингвистикалық талдау жүргізеді. Кейінгі әлеуметтік-лингвистикалық талдаулар үшін үлгі болып қалған осы классикалық зерттеуде Лабов алдымен *Saks Fifth Avenue, Macy's, S. Klein* сияқты жоғарғы, орта және төменгі тап өкілдеріне қызмет көрсететін үш дүкенді анықтап алады. Нақты мәлімет жинау мақсатымен ол осы үш дүкенге барып, *fourth, floor* сөздерімен жауап берілетін сұрақтар қояды. *R* дыбысын сөзде қоспайтындар [fɔd], [flɔ] десе, *r* дыбысын қолданатындар [fɔrd], [flɔr] деп жауап берген.

Бұл зерттеуде қолданылған негізгі әдістемелер жөнінде айтпай кетуге болмас. Лабов мәліметтерді талдау кезінде олардың тегі мен жынысын ескергенімен, адамдармен ыңғайлы әрі еркін сезінетіндей жағдайда тілдеседі. Сондай-ақ ол табиғи түрде кездескен мысалдарды зерттеуден алып тастап отырды. Сөйтіп, естімей немесе түсінбей қалған сыңай танытып, бір сұраққа екі рет жауап алып, әдеттегі бейресми сөйлемдермен қатар, ойлана отырып айтқан сөйлемдерді жинайды.

Saks деп аталатын элиталық дүкенде сауалнамаға қатысушылардың 62%-ы барлық уақытта *r* дыбысын қолданса, одан сәл арзанырақ болып келетін *Macy's* дүкенінде бұл көрсеткіш 52% болған. Ал төменгі әлеуметтік топ дүкені болып есептелетін *Klein*-де ол тек 21% болды. Лабовтың терминін қолдансақ, *r* дыбысының түсіп қалуы кейіннен «іріктеліп», оны төменгі әлеуметтік топ өкілдері көптеп қолдана бастайды.

Лабовтың еңбегін басқалардан ерекшелеп көрсететін негізгі себеп – диалектілер арасындағы айырмашылықты қандай да бір қатып қалған ереженің болуы не болмауына байланысты емес, ол ережені қолданудың сапалық деңгейіне қарай анықтауға болады деген жаңалығы. Ол әлеуметтік жағдаят пен оған тәуелді болып келетін әлеуметтік лингвистикалық нұсқалардың тілдік өзгерістерде маңызды рөл атқаратынын да нақты айтып кетті.

Адамзат – ұлы саяхатшы әрі шебер саудагер; сондай-ақ, оған отарлау қасиеті де тән. Кез келген мәдениетте жазылған Гомердің Одиссейі сияқты аңыз әңгімелерден саяхат пен зерттеулер кезіндегі қиындықтар мен бақытсыз жағдайлар туралы оқып білеміз. Үйіңнен аттап басқанда кездестіретін алғашқы қиындық – сен оның тілін, ол сенің тіліңді түсінбейтін адамдарды кездестіретінің. Кейбір елдерде, айталық екі тілде сөйлейтін жерлерде тілдердің арасындағы айырмашылықты байқау үшін алысқа барудың қажеті жоқ, ал кейбір жерлерде мұхит асуға тура келеді. Бұл адамзат тарихы мен қоғамға тән қасиет болғандықтан, осы айырмашылықты жоюдың бірқатар жолы ұсынылады.

Әлемнің көптеген жерінде түрлі тілде сөйлейтін адамдар өмір сүруде. Адамдар әлеуметтік және коммерциялық қарым-қатынасты қажет ететін мұндай жерлерде ортақ келісім бойынша бір ғана тіл қолданылады. Оны лингва франка деп атаймыз. Орта ғасырлар кезіндегі сауда тілі қазіргі итальяндық және провансаль тілдерінің негізін салумен қатар алғаш рет Жерорта теңізі порттарында қолданыла бастады. Ол тіл «Лингва франка» немесе «Франк тілі» деп аталды. Кейіннен лингва франка термині басқа да осы мақсатта қолданылып жүрген тілдерге тарап кетті. Демек, кез келген тіл лингва франка бола алады. Ағылшын тілі – «дүниежүзінің лингва франкасы». Оны халықаралық іскерлік кездесулер мен ғылыми конференцияларда қолданады. Орыс тілі көптеген жергілікті тілде сөйлейтін бұрынғы Кеңес одағы елдерінің лингва франкасы болып есептеледі. Латын тілі ғасырлар бойы Рим империясы мен батыс христиан әлемінің, ал грек тілі шығыс христиандардың лингва франкасы болды. Идиш тілі ұзақ уақыт бойы еврейлердің лингва франкасы болуымен қатар, әр мемлекетте өмір сүретін еврейлердің бір-бірімен тіл табысуына мүмкіндік беріп келді.



Көп жағдайда лингва франкалар сауда тілі қызметін атқарады. Шығыс Африкада әрқайсысы өз тілінде сөйлейтін жүздеген ауыл бар. Алайда осы өңірдегі африкалықтардың көбі екінші тіл ретінде аз да болса суахили тілін үйренетіндіктен, оны барлық базарда түсінеді. Ондай жағдайды хауса тілі лингва франка болып саналатын Нигериядан да байқауға болады.

Хинди мен урду тілдері – Үндістан мен Пәкістанның лингва франкасы. Бұл өңірдегі лингвистикалық жағдай аса күрделі болғандықтан, коммерциялық орталықтарда қолданылатын жергілікті тілдер, яғни өңірлік лингва франкалар болады. Сондықтан Үндістанның оңтүстік-батысындағы Майсур қаласының маңында лингва франка ретінде дравидтік каннада тілі қолданылады. Мұндай жағдайды патшалық Қытайдан да байқауға болады.

Қазіргі Қытайда адамдардың 94%-ы Хан тілінде сөйлейді. Бұл тілдің сегіз негізгі тілдік тобы бар және көп жағдайда олар бір-бірін түсіне алады. Кез келген тілдік топта жүздеген диалект болады. Хан тіліне қоса елу шақты «аз ұлттар» тілі бар. Оның ішіндегі ең басты бесеуіне моңғол, ұйғыр, тибет, жуанг және кәріс тілдері жатады. Жағдай өте күрделі, сондықтан ел үкіметі солтүстік Қытай диалектісінің грамматикалық элементтерінен тұратын мандариндік Бейжің диалектісін лингва франка ретінде танитын тілдік реформа саясатын қабылдап, бұл диалектіні қазіргі ауызекі қытай тілінің сөздік қорымен толықтырды. Олар бұл диалектіні «путунхуа» деп атады. Ол ортақ тіл дегенді білдіреді. Ұсақ тілдер мен диалектілер басқаларынан төмен деп есептелмейді. Керісінше, бұл саясат барлығы да сөйлеп, бір-бірін түсіне алатын ортақ тілді дамытуды мақсат етеді. Кейбір лингва франкалар табиғи түрде болады, ал кейбірі үкімет саясаты мен араласуы арқылы жүзеге асады. Алайда бірнеше мильде тұратын көршісінің тілін түсінбейтіндер әлемнің көптеген жерінде әлі де бар.